ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«БІТІМ» МЕДИАЦИЯ
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ЦЕНТР МЕДИАЦИИ
«БІТІМ»

120014, Қызылорда к., кв-л 4 Укрепненный, үй №1.
Конт.тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

120014, г. Кызылорда, кв-л 4 Укрепненый, дом №1.
Тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

шығыс №030 **"02" қыркүйек 2021 ж.**

«Қоғамдық келісім» КММ
директоры м.а.
Ф.Халилуллаевке

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени – ағартушылық жобасын өңірде іске асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған офлайн кездесуді» 04.09.2021 ж. 09:40 сағатта Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектеп залында өткізуге келісім беруіңіз сұралады.

"Бітім" медиация орталығы"
ҚБ - нің төрайымы **Туребаева М.И.**

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени – ағартушылық жобасын өңірде іске асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған офлайн кездесу

Б А Ғ Д А Р Л А М А С Ы

Өткізілетін орны: Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебі

Уақыты: 04.09.2021 ж. Сағ: 09:40

Модератор: Мирамбекқызы Жанна

	Тақырыбы	уақыты
1	**Кездесуді ашу, таныстыру (модератор)**	5 мин 09:40 – 09:45
2	**Уәйіс Ержан Үбайдаұлы** Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Елбасынан тұңғыш сұхбат алған тележурналист, Түркияда Қазақстанның бас консуль қызметін атқарған, дипломат, шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ тілшісі	5 мин 09:45 – 09:50
3	**Садыкбекова Анжела Акмурзаевна** ҚХА мүшесі	5 мин 09:50 – 09:55
4	**Бактыбаева Гулистан Макашевна** (спикер, қазақ тілі пәні мұғалімі)	10 мин 09:55 – 10:05
5	**Мкртумян Эльмира Аркадяевна** (бастауыш сынып мұғалімі)	5 мин 10:05 – 10:10
6	**Конырбаева Айгерим Конырбаевна** (Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектеп ғылыми – методикалық іс жөніндегі директор орынбасары)	5 мин 10:10 – 10:15
7	**Сұрақ – жауап**	5 мин 10:15 – 10:20

"Бітім" Медиация орталығы"

қоғамдық бірлестігінің төрайымы **М.И.Туребаева**

«Мың бала» жобасы аясындағы
Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне
арналған офлайн семинар-кездесудің
ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Құрметті кездесуге келген қонақтар, оқушылар!

Бүгінгі кездесуіміздің себебі, Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» Коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі, «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірде іске асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған офлайн кездесу.

Кездесу барысында қозғалатын тақырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл үстемділігі, артықшылығы және тиімділігі болып табылады. Елімізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілдің маңыздылығын насихаттау болып табылады. Ол туралы бізбен ой бөлісетін спикерлерімізбен және қонақтарымызбен таныстырып өтейін.

1. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Елбасынан тұңғыш сұхбат алған тележурналист, Түркияда Қазақстанның бас консуль қызметін атқарған, дипломат, шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ тілшісі – **Уәйіс Ержан Үбайдаұлы;**

2. Қазақстан Халқы Ассамблея мүшесі, Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебінің директоры – **Садыкбекова Анжела Акмурзаевна;**

3. Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі, спикер – **Бақтыбаева Гүлістан Мақашқызы;**

4. Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі – **Мкртумян Эльмира Аркадяевна**;

5. Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің ғылыми-методикалық іс жөніндегі директор орынбасары – Қоңырбаева Айгерім Қоңырбайқызы.

Рахмет, енді жиналысымыздың регламентімен таныстырып өтейін, сөз сөйлейтін спикерлер – 10 минуттан, сұрақ қою, пікір айту – 2 минуттан.

Құрметті кездесуге қатысушылар, бағдарламаға сәйкес алғашқы сөз **Ержан Үбайдаұлында.**

Келесі сөз кезегі – **Садыкбекова Анжела Акмурзаевнаға** беріледі.

Ән орындалады.

Ендігі сөз кезегі, спикер – **Бақтыбаева Гүлістан Мақашқызына** беріледі.

Енді, тілге қатысты «Тілім деп соқ, жүрегім!» баяндамасымен ортаға **Мкртумян Эльмира Аркадяевна** ортаға шығады.

Семинарды қорытындылайтын Қоңырбаева Айгерім Қоңырбайқызы.

Құрметті достар, спикерлеріміз бен тыңдаушыларымызға алғыс білдіремін! Осымен қызықты семинар-кездесуіміз өз мәресіне жетті! Қош, сау болыңыздар!!!

БАЯНДАМА

Тақырыбы:

«Мемлекеттік тілдің мәртебесі, қолдану аясындағы мәселелері»

Орындаған спикер:

Ж.Нұрманов атындағы № 198 орта мектебінің

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні» мұғалімі Бақтыбаева Г.М

Тіл – асыл қазына, рухани мұра. Халық үшін тілден асқан байлық бар деудің өзі күпінушілік, астамшылық болса керек. Олай болса, ана тіліміздің өркендеп өсуіне, еркін қанат жаюына үлес қосу кез-келген қазақ азаматының міндеті.

Мемлекеттік тіл туралы бірер сөз...

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» - деп, алдағы уақытта қазақ тілінің мәртебесі артатыны туралы жариялады.

2019 жылы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мәресіне жетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу болып табылады.

Мемлекет әрбір азаматын қазақ тіліне оқытуға мүдделі. Бұл үшін қомақты қаражат бөлінуде.

Қазақ тілін оқыту курстары

Қазіргі уақытта республиканың барлық өңірлерінде 99 мемлекеттік орталық жұмыс істейді, онда оқыту тегін жүргізіледі. Орталықтарда мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, жұмыссыздар, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер және ҚР-ға тұрақты тұруға көшкен азаматтар оқи алады. Курстар халықтың ересек топтарына қарастырылғанын атап өткен жөн.

2019 жылы Тілдерді оқыту орталықтарында 70757 адам қазақ тілі курстарынан өтті. Оқыту үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында көптеген орталықтар курстарды онлайн режимде қашықтықтан өткізеді. Мемлекеттік тілді өздігімен үйренгісі келетіндер үшін «Тіл-құрал» веб-сервисі құрылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында жалпы осы сипатты 20 портал құрылып, жұмыс істеуде.

Азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейі ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша анықталады. 2013-2019 жылдары аталған жүйе бойынша 364290 адам тестілеуден өтті. 2019 жылы тестілеуге 38461 адам қатысты, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер – 15835, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардың қызметкерлері – 18647. Қазақ тілін білу деңгейін www.kazakhtest.kz ресми сайтында тексеруге болады.

Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі іс-шаралар

Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес ҚР-да жыл сайын «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Тілдарын», Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы, түркі, славян жазбалары мен мәдениеті күндері және басқа да түрлі форматты іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында құрылған «Tilalemi.kz» порталы, «Atau.kz» ономастикалық базасы, «Emle.kz» орфографиялық базасы, «Termincom.kz» базасы, «Tilmedia.kz» үш тілді сайты, балаларға арналған «Balatili.kz», мемлекеттік тілді үйретуге арналған «Тіл-құрал» веб-сервисі пайда болды.

Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты мемлекет өз тарапынан жасалуға тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр, бүгінгі күні қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол заң іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазды мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Әлі-ақ қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады, тек оны насихаттай білуіміз керек. Бұл ретте, ең алдымен қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс.

Көздеген мақсат-жобаларымыз ойымыздан шығып, халқымыздың өз ана тіліне деген ынтасын арттыра білсек, жаппай қазақша ойлап, қазақша сөйлете білсек, бізде басқа не арман бар.

Соңында айтарым ұлт болашағы тағдырына аса мән беріп, шын ниетпен алаңдатып отырған адамдарға алғысымызды білдіргім келеді.

Тілім деп соқ, жүрегім!

Саламатсыздарма, құрметті семинарға қатысушылар!
Менің аты-жөнім Мкртумян Эльмира Аркадяевна. Ұлттым – армян. Мен бастауыш білім беру мұғаліммін. Маңғыстау облысының Ақтау қаласында туып өстім.

2015 жылда Маңғыстау гуманитарлық колледжді қызыл дипломмен бітірдім. Сол жылда Ақтау қаласының № 9 орта білім беру мектебіне жұмысқа кірдім. Үш жыл сабақ бердім, содан кейін тұрмысқа шықтым. Бір балам бар. 2020 жылда Ақтау гуманитарлық техникалық университетін бітірдім.

Мен көптеген әр-түрлі қалалық, облыстық олимпиадаларының жеңілпазымын.

Ұлтымыздың басты рухани дінгегі – мемлекеттік тілді дамыту мәселелеріне атсалысып, еліміздегі тіл саясатының пәрменді жүзеге асуына, ел игілігіне, мемлекеттік тілдің абырой-беделін асқақтауға қосқан үлесіңіз үшін» Маңғыстау облысының әкімінен алғыс алдым.
Маңғыстау облысының білім басқармасынан, Достық үйінен бірнеше алғыс хатым бар.

Ана тілі- әрбір мемлекеттің рухани байлығы, мәдени бірлігінің ұйтқысы.

Менің ана тілім- армян тілі. Бірақ, мен Қазақстанда туып-өскендіктен, қазақ тілі менің екінші туған тілім болып табылады.

Тіл- ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы- оның ана тілінде.

Тіл- халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі- оның бақыты мен тірегі.

Әр халықтың, ұлттың құрмет тұтар өз ана тілі бар. Әрбір адам анасының ақ сүтімен дарыған туған тілінде сөйлеуі тиіс.

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы.

Тіл болмаса, сөз болмайды. Сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-маңызы болмайтыны белгілі. Демек, тілдің орны ерекше.

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы.

Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өшсе тілім, менде бірге өшемін! – деп ақын Әбілдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы» - деп атап көрсеткен.

Осы елде өмір сүргендіктен, менің парызым мемлекеттік тілді білу. Тілді біле отырып, қазақ халқының мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын өз ортамда паш ету.

Менің ұлттым қазақ болмаса да, қазақ тілі, қазақ елі, қазақ жері менің түпкі тамырым деп есептеймін. Мен жері кең-байтақ, елі тату, тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келгенімді мақтан тұтамын.

Қазақстаның даласындай кең пейілді қазақ халқымен тен дәрежеде өмір сүріп, осындай тәуелсіз елдің азаматы болғаныма өзімді бақытты сезінемін. Тәуелсіз еліміздің әрқашан туы биік, тұғыры берік болсын!

БАЯНДАМА

Мемлекеттік тілді меңгеру – азаматтық парыз

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз-тәуелсіздік, егемендіксіз- тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Тілдің тағдыры – елдің тағдыры, ол тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды мәселе, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, барлық қазақстандықтарды біріктіруші ортақ байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр жанұяның, әр ұжымның негізгі мақсаты, біз тіл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз.

Қазіргі таңдағы біздің міндетіміз – мемлекеттік тілдің қоғамдағы беделін нығайтып, қоғамымыздың жетекші салаларындағы тілдік қолданысты арттыру.

Осы орайда мектебімізде тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында қазақ тілінде мерекелік іс-шаралар, байқаулар челлендждер,олимпиадалар ұйымдастырылады.

Жеткен жетістіктеріміз де аз емес,тоқтала кетер болсам:

Үлкен мақтанышпен айта алатын 2018-2019 оқу жылының түлегі,орыс ұлтының өкілі Лебедев Радион қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ:

Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 2 орын , этнос өкілдері арасында өткен қазақ тілі білгірлерінің «Тіл-парасат» байқауының 2 орын, Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен респ-қ олим-ң жүлдегері.

Сонымен қатар ҰБТ жоғары нәтиже көрсетіп Қорқыт университетінің журналистика факультетіне грантқа түсті.

Комелягина Виктория 11-сынып оқушысы түрлі байқауларға қатысып жүр.

Қазақсатн халқы Ассамблеясының бастамасымен өткізілген «Мың бала» респ-қ мәдени-ағартушылық жобасының латын графикасы бойынша «Сен де бір кірпіш дүниеге» шығармашылық байқауының жеңмпазы Искаков Дильшат.

Тіл – қатынастың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өйткені, ана тілінің өмір сүру кеңістігін тілді сақтау, ал тілді сақтау ел тұтастығын сақтау.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі. Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Сол болашақтыңберікіргетасынбүгінқалауымызқажет.

Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес,өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектеп ғылыми – методикалық іс жөніндегі директор орынбасары – Қоңырбаева Айгерім Қоңырбайқызының баяндамасы.

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру жобасы аясында Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған семинар-кездесу қызметі

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру жобасы аясында Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған семинар-кездесу қызметі



Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру жобасы аясында Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған семинар-кездесу қызметі

«Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту» мәселесіне арналған офлайн кездесу өтті — "Бітім" медиация орталығы"
"Бітім" медиация орталығы... Настроить 12 0 Добавить Удалить кеш темы Clearfy Редактировать запись WPForms Clear Cache Привет, Yasemin

«Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту» мәселесіне арналған офлайн кездесу өтті

Yasemin Без рубрики 06.09.2021 | 0

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ тапсырысы бойынша,

СВЕЖИЕ ЗАПИСИ

«Сөз маржаны» жас ақындар арасындағы облыстық байқауы өтті.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР САЙЫСЫ ӨТТІ

Көпсалалы «Ұлағат» Қызылорда колледжінің студенттерімен кездесу өтті

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің студенттерімен кездесу өтті

С. Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің студенттерімен кездесу өтті

СВЕЖИЕ КОММЕНТАРИИ

Автор комментария к записи Қазақстанда дауды шешу үшін қайда жүгіну керек?

АРХИВЫ

Введите здесь текст для поиска 18°C Солнечно ҚАЗ 11:37 27/09/2021

В красной зоне по коронавирусу | (926) Входящие - Почта Mail.ru | Яндекс.Игры — Игры онлайн | (20+) Бітім Медиация Орталығы | Жеке кабинет | My.Egov
www.facebook.com
(20+) Бітім Медиация Орталығы | Facebook
Отзывы
Поиск на Facebook
Бітім
20+

Бітім Медиация Орталығы

События из жизни

Все

Начала работать в компании "«Бітім» Медиация...
25 декабря 2017 г.

Конфиденциальность · Условия использования · Реклама · Выбор рекламы · Файлы cookie · Бренд · Facebook © 2021

Бітім Медиация Орталығы
6 сентября, 13:33 ·

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ тапсырысы бойынша, «Бітім» медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту» мәселесіне арналған офлайн кездесу өтті.

Кездесу Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірде іске асырылуын көздейді.

Шараға «Қоғамдық келісім» КММ директорының кеңес... Ещё

Вы, Алия Мусаева, Айсулу Мапаева и ещё 18 Комментарии: 1

Нравится Комментировать Поделиться

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1032313917578914&set=pcb.1032313944245578&__cft__[0]=AZWOeizZChDK4ie5nZIPEN1FG8OM0UwdF5VwfMPQ5vTpV7SpylKm8xT4adJoX1aGt6dXGetnKCfYtUbIWvTjhJFc5H0gYhsWoeueNTC8GJrGTVTKt9HdAgzuGe48gg2A&__tn__=*bH-R

Введите здесь текст для поиска
16°C Солнечно ҚАЗ 11:27 27/09/2021

mediatsiiaortalygy

Статистика

Продвигать публикацию

Нравится **yasemin_82_12** и **еще 10**

mediatsiiaortalygy Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ тап... ещё

6 сентября · Показать перевод

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«БІТІМ» МЕДИАЦИЯ
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ЦЕНТР МЕДИАЦИИ
«БІТІМ»

120014, Қызылорда к., кв-л 4 Укрепненный, үй №1.
Конт.тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

120014, г. Кызылорда, кв-л 4 Укрепненый, дом №1.
Тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

шығыс №055 **«17» қараша 2021 ж.**

«Қоғамдық келісім» КММ
директоры
Б.С. Айтбенбетовке

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Тіл – тәуелсіздік тірегі» атты офлайн семинар-кездесуді 19.11.2021 ж. 10:00-де Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің мәжіліс залында өткізуге рұқсат беруіңіз сұралады.

«Бітім» медиация орталығы»
ҚБ-нің төрайымы: **Туребаева М.И.**

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу

БАҒДАРЛАМАСЫ

Өткізілетін орны: И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей

Уақыты: 19 қараша, сағат 10:00

Модератор: Маханов Ерболат Шамилович

р/с	Тақырыбы	Уақыты
1	**Кездесуді ашу, таныстыру (модератор)**	5 мин 10:00 – 10:05
2	**Мұқашева Рита Жұмамұратқызы** (И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің директоры)	5 мин 10:05 – 10:10
3	**Абасилов Аман Маделханович** (Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің қауымдастырылған профессоры, социолингвист, ғалым, спикер)	15 мин 10:10 – 10:25
4	**Мкртумян Эльмира Аркадяевна** (Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, спикер)	15 мин 10:25 – 10:40
5	**Абдраманова Шакизат Исабайқызы** (Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің әлеуметтік бастамалар және жобалармен жұмыс бөлімінің бас сарапшысы)	5 мин 10:40 – 10:45
6	**Мирамбекқызы Жанна** («Бітім» Медиация орталығы» ҚБ-нің медиатор маманы)	5 мин 10:45 – 10:50
7	**Оқушылардың өнері** (2 күй тартылады, 3 өлең оқылады)	15 мин 10:50 – 11:05
8	**Сұрақ-жауап**	5 мин 11:05 – 11:10
9	**Қорытындылау, естелік суретке түсу**	5 мин 11:10 – 11:15

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған
«Тіл – татулықтың тірегі» атты іс-шара жоспарының
ЖҮРГІЗУ ПАРАҒЫ

Жүргізуші: Құрметті, кездесуге келген қонақтар және оқушылар!

Бүгінгі кездесуіміздің себебі, Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» Коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі, «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірде іске асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «**Тіл – татулықтың тірегі**» тақырыбындағы семинарға қош келдіңіздер.

Құшағы кең қазақ елі көптеген өзге ұлт өкілдерін бауырына тартты. Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп жүрген түрлі ұлттар мен ұлыстардың бірлігі, ынтымағы басқа мемлекеттерге үлгі. Елімізде соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері айтарлықтай көбейгені де басты жетістігіміз.
Қазақ тілі – аса бай тіл, икемді тіл. Қалай исең, солай ииле береді.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл үстемділігі, артықшылығы мен тиімділігі және елімізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілдің маңыздылығын насихаттау болып табылады. Бүгінгі семинарға жиналған тіл жанашырларын, бізбен ой бөлісетін спикерлерімізбен және қонақтарымызды таныстырып өтейін.

1. Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы университетінің қауымдастырылған профессоры, социолингвист, ғалым – **Абасилов Аман Маделханович;**

2.И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей директоры – **Мұхашова Рита Жұмамұратқызы;**

3. Жанабіл Нұрманов атындағы №198 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, спикер – **Мкртумян Эльмира Аркадяевна**;

4. Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің әлеуметтік бастамалар және жобалармен жұмыс бөлімінің бас сарапшысы – **Абдраманова Шакизат Исабайқызы;**

5.«Бітім» Медиация орталығы» Қоғамдық Бірлестігінің медиатор маманы – **Мирамбеккызы Жанна.**

Рақмет, енді семинардың регламентімен таныстырып өтейін, сөз сөйлейтін спикер – 15-20 минуттан, қонақтарымыз – 5 минуттан, сұрақ қою, пікір айту – 2 минуттан.

Құрметті қонақтар, семинар-кездесуімізді №5 мектеп-лицейінің 9 «А» сынып оқушысы Маханбетхан Досымжанның орындауында Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен бастайық, қабыл алыңыздар!

Құрметті кездесуге қатысушылар, бағдарламаға сәйкес алғашқы сөз **Аман Маделхановичке** беріледі.

Оқушыларымыздың сұрағы қойылады.
Мемлекетімізде этнос өкілдеріне қазақ тілі тиісті дәрежесінде насихатталып, үйретіліп жатыр ма?

Келесі сөз кезегін №5 мектеп-лицей директоры **Мұхашова Рита Жұмамұратқызына** беріледі.

9 «Д» сынып оқушысы Черепанова Карина Ж.Жабаевтің «Мұғалімдерге сәлем» өлеңін оқиды.

Ендігі сөз кезегі №198 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, спикер **Мкртумян Эльмира Аркадяевнаға** беріледі.

Оқушыларымыздың сұрақтары қойылады.
Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрену үшін қанша уақыт қажет?

10 «В» сынып оқушысы Жеңіс Малика М.Жұмабаевтің «Қазақ тілі» өлеңін оқиды.

Келесі сөз кезегін Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің әлеуметтік бастамалар және жобалармен жұмыс бөлімінің бас сарапшысы қонағымыз**Абдраманова Шакизат Исабайқызына** беріледі.

Оқушыларымыздың сұрақтары қойылады.
Облысымызда қазақ тілін дамытуға жасаланып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтсеңіз?

Келесі сөз кезегі «Бітім» Медиация орталығы» Қоғамдық Бірлестігінің медиаторы **Мирамбекқызы Жаннаға** беріледі.

Келесі кезекті 9 «А» сынып оқушысы Маханбетхан Досымжанның орындауында Құрманғазының «Адай » күйін қабыл алыңыздар!

Құрметті бүгінгі семинарға қатысушылар, мағыналы әрі қызықты кездесуіміз осымен тәмам. Спикерлеріміз бен тыңдаушыларымызға алғыс білдіремін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!!! Сау саламатта болыңыздар!!!

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

Мұғалімдерге сәлем

Кәрі, жасын елімнің,
Тұнығына білімнің
Жүздірген тау бұлақтай,
Таңдауындай тарихтың,
Көзін ашып халықтың
Түнде жанған шырақтай, —
Оқытушы мұғалім
Білімі елге мағұлым,
Оқытып ел баласын.
Ашып көңіл санасын,
Оқымысты жастарды
Өсірді сүйрік құрақтай.
Оқытушы мұғалім,
Сендерді өмір нұрлады,
Сені алтын таң аялап,
Еңбегіңді бағалап,
Біздің елдей ел бар ма,
Мұғалімді сыйлаған,
Жан бар ма, сірә, басқа елде
Еңбегі біздей сыйланған.
Ғасырлардың ардақты
Ғасыры бізде жүлде алған.
Отан үшін сондықтан
Жамбылдың жыры жырланған.

М.Жұмабаев
ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құсты қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, —
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

«Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметнің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу қызметі

«Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметнің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу қызметі

«Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметнің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу қызметі

"БІТІМ" МЕДИАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ"

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметнің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу болып өтті.

Семинар–кездесудің қадірлі қонақтары Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің қауымдастырылған профессоры, социолингвист, ғалым, спикер Абасилов Аман Маделханович және Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, спикер Мкртумян Эльмира Аркадяевна, сонымен қатар Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының

мәмілегерлік көзі

СВЕЖИЕ КОММЕНТАРИИ

Автор комментария к записи Қазақстанда дауды шешу үшін қайда жүгіну керек?

АРХИВЫ

Ноябрь 2021
Октябрь 2021
Сентябрь 2021
Август 2021
Июль 2021
Июнь 2021
Май 2021
Апрель 2021
Март 2021

Активация Windows
Отправьте нам сообщение
GetButton
Введите здесь текст для поиска
-2°C Облачно ҚАЗ 17:04 19/11/2021

(20+) Facebook

Бітім Медиация Орталығы

Друзья
2 запроса

Группы

Marketplace

Watch
1 новое видео

Воспоминания

Сохраненное

Страницы

Мероприятия

Вакансии

Ещё

Ваши быстрые ссылки

Қызылорда облыстық соты

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметнің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн семинар-кездесу болып өтті.

Семинар–кездесудің қадірлі қонақтары Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің қауымдастырылған профессоры, социолингвист, ғалым, спикер Абасилов Аман Маделханович және Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, спикер Мкртумян Эльмира Аркадяевна, сонымен қатар Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің әлеуметтік бастамалар және жобалармен жұмыс бөлімінің бас сарапшысы Абдраманова Шакизат Исабайқызы болды.

Шара барысында келген қонақтар мемлекеттік тіл мәртебісін көтеру және қолдану аясын кеңейту мәселесіне кеңінен тоқталып, мектеп оқушыларына көптеген мәліметтер айтылды. Сонымен қатар мектеп өнерпаздары күмбірлетіп күй тартып, тебіренткен қара өлең оқыды. Семинар-кездесу өте жоғары деңгейде өтті.

Ваши Страницы

«Бітім» Медиация орталығы

5 Уведомления

Создать промоакцию

Запросы на добавление в друзья Все

Лаура Алмаханова 17 ч.
3 общих друга

Подтвердить Удалить

Дни рождения

Данияр Азаматов и ещё 13 сегодня отмечают день рождения.

Контакты

Жадыра Мәлсбай

Alibek Zhappasbaev

Қуаныш Әбілдәқызы

Куралай Исаева

Қызылорда Облысының Қаржы Басқармасы

Олжас Шама

Нургуль Алимбаева

Енлик Имамзада

Конфиденциальность · Условия использования · Реклама · Рекламные предпочтения · Файлы cookie ·

Введите здесь текст для поиска

-2°C Облачно КАЗ 17:04 19/11/2021

Ваша истор... aimakhanov... danamassazh aigera_mua profisl

mediatsiiaortalygy

Статистика

Продвигать публикацию

mediatsiiaortalygy И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Бітім» Медиация орталығы ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты офлайн

Видео жүктелуде...
Дайындалуда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«БІТІМ» МЕДИАЦИЯ
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ЦЕНТР МЕДИАЦИИ
«БІТІМ»

120014, Қызылорда қ., кв-л 4 Укрепненный, үй №1.
Конт.тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

120014, г. Кызылорда, кв-л 4 Укрепненый, дом №1.
Тел: 302282, +7 775 000 5082
e-mail: czentrmediacii.bitim@bk.ru

шығыс №063 **«22» қараша 2021 ж.**

«Қоғамдық келісім» КММ
директоры
Б.С. Айтбенбетовке

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған офлайн семинар-кездесуді» 23.11.2021ж. 11:00-де «Достық» үйінің концерт залында өткізуге рұқсат беруіңіз сұралады.

«Бітім» медиация орталығы»
ҚБ-нің төрайымы: **Туребаева М.И.**

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру» қызметінің Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған TEDX форматында өткізілетін офлайн семинар-кездесудің

БАҒДАРЛАМАСЫ

Өткізілетін орны: «Достық» үйі

Уақыты: 23 қараша, сағат 11:00

Модератор: Дайрабай Айбек

р/с	Тақырыбы	Уақыты
1	**Кездесуді ашу, таныстыру (модератор)**	5 мин 11:00 – 11:05
2	**Айтбенбетов Болатбек Серікбайұлы** (Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры)	5 мин 11:05 – 11:10
3	**Бахытова Әсел Манасқызы** (Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының оқытушысы, «Мансап» мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҚР Президент жанындағы басқару академиясының Латын әліпбиін оқыту бойынша тренері)	40 мин 11:10 – 11:50
4	**Сұрақ-жауап**	5 мин 11:50 – 11:55
5	**Қорытындылау, естелік суретке түсу**	5 мин 11:55 – 12:00

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған TEDX форматында өткізілетін офлайн семинар-кездесудің

ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Құрметті кездесуге келген қонақтар, **тіл үйренуші** оқушылар!

Бүгінгі кездесуіміздің себебі, Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» Коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі, «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірде іске асыру» қызметінің «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған «Тіл – қазына» атты TEDX форматында өткізіліп жатқан офлайн семинар-кездесу.

Кездесу барысында қозғалатын тақырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл үстемділігі, артықшылығы және тиімділігі болып табылады. Ол мәселе бойынша **Бахытова Асел Манасқызы** спикер ретінде өзінің сабағын өткізеді.

Енді кездесуіміздің регламентімен таныстырып өтейін, сөз сөйлейтін спикерге – 40 минут, қонақтарымызға – 5 минут беріледі, сұрақ қою, пікір айту – 5 минут.

Құрметті кездесу-семинарымыздың қонақтары, алғашқы сөз Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры – **Айтбенбетов Болатбек Серікбайұлы** беріледі.

Келесі сөз кезегі Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының оқытушысы, «Мансап» мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҚР Президент жанындағы басқару академиясының Латын әліпбиін оқыту бойынша тренері – **Бахытова Әсел Манасқызына** беріледі.

Спикер ханымға оқушылардың тарапынан сұрақтар қойылады.

Құрметті достар, мағыналы әрі қызықты кездесуіміз осымен тәмам. Спикерлеріміз бен тыңдаушыларымызға алғыс білдіремін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!!! Сау болыңыздар!!!